

ҰШ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР АЙҚЫНДАЛДЫ



Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Президент ең алдымен халықтың тұрмыс сапасының жақсарғанын ерекше ілтиплатпен тілге тиек етті. 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе есті. Дөрігерлердің айлығы да айтартылған көбейді. Зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдаланған бір миллионға жуық адам тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасының аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Ауылдақ жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны бой көтеруде. «Ұлттық қор – балаларға» жобасының арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаржы түссе бастайды. Заңсыз берілген сегіз миллион гектар жер мемлекет мешігіне қайтарылып отыр.

Басқару жүйесі ықпалды Парламенті бар Президенттік республика улгісіне көшті. Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдасты барынша орныты. «Халықнің кулак асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыру қажеттігі туындағы. Бұл жерде Парламенттің рөлі ерекше екені даусыз.

Адам құқығын қорғау саласында маңызды қадам жасалғаны барша-мызды қуантады. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болып отырғаны қандай ғанибет десеніздерші.

Экономикалық тұрақтылық орнығын келеді. Былтыр Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізге 28 миллиард доллар (рекордтық көрсеткіш) тікелей шетел инвестициясы тартылды. Сыртқы сауда-саттық 136 миллиард долларға жетті. Соның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 миллиард долларға жуықтады.

Бұгінде климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті меселеге айналғаны баршаға белгілі. Былайша айтқанда, адамзат тарихында бұрын-сөндө болмаған сын-қатерлер мен түбебейлі өзгерістер

дәүірі басталып отыр.

Мемлекет басшысының бағамдауы бойынша Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары мына тәмендегіше:

Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады.

Осы Жолдауда айтылатын міндеттің бері уш жылдың ішінде орындалуға тиесі. Аласа құрдеп міндеттердің жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі.

1. Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өндөу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет.

2. Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртараптандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда.

3. Бұл ретте металды терең өндөу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, урандарды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жән. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өндөлген өнім – шығаратын кластер құру қажет.

4. Еліміздің туристік өлеуетін де пайдалану керек. Туризм осында серпінді жобалар қатарында болуға тиесі. Өкінішке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр. Елімізде басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді.

Жалпы, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуға тиесі. Осы салада бұрын болған қателіктерді қайталауға болмайды.

1. Біз жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуге тиесіз.

2. Мемлекет ірі көсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуын қамтамасыз ету керк.

3. Өндөу өнеркәсібі шикізаттың көнілге қонымыдь бағамен жеткілікті көлемде алуы керек.

4. Реттелетін сатып алу көзіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет.

5. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк көлісімшарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек.

6. Бұл – жыл сайын 2 триллион теңге деген сөз.

Дана халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су ресурсы да – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті Мемлекет басшысы 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін еске салып отыр. Міні, осындағы астаңа өткір құрдөлі жағдаяттарды ескере келген Президент жаңадан Су ресурстары және иригация министрлігі құрылатынын мәлімдеді. Министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтін болады.

Стратегиялық маңызы бар міндеттің тағы бірі – көлік-логистика саласының өлеуетін толық пайдалану болып отыр. Ең алдымен «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягез», «Дарбаза – Мақтаарап» бағыттындағы ірі теміржол жобаларын салапы жүзеге асыру қажеттігі тілге тиек етілді. Мұның ішінде сонымен қатар Алматының айналып өтетін теміржол желісі де бар. Мемлекет басшысы Көлік министрлігін қайта құрған жән екенін айтты. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады.

Қазақстан – электронды үкіметті жөнөфінтехті дамыту индексі бойынша өлем көшбасшыларының қатарында. Ендігі маңызды стратегиялық міндет – елімізді IT мемлекетке айналдыру болып отыр. 2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын қазіргі 500 миллион доллардан бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жаңа міндет.

Экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт – медиа, кино, музика, дизайн, білім беру, әқпараттық технология салаларын қамтитын креативті индустрія екені мәлім.

«Аманат» партиясының «Қарызыз қоғам» жобасына қызығушылық артуда. Осы жобаның арқасында еліміздің сегіз аймағындағы 20 мыңнан астам адам өздерінің қаржылық сауаттылығын арттырып отыр. Бұл жобаның ігілігін бүкіл еліміз көрүі керек.

Әкімшілік реформа қолға алынып, әкімдердің тікелей сайлау тәсілін енгізілді. Аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын беру көзделген. Ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асып отыр. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлайтын болады.

Жолдауда демография мәселесі де сез болды. Жыл сонына дейін еліміздің халқы 20 миллионға жетеді. Өмір сүру үзактығы 74 жастан асып отыр. Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттердің бірі. Тұрғындардың үштен бірі жастар. Азаматтардың орташа жасы – 32 жас.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды тұрде қүшету көзделген. Брыңгай сенім телефонның үйымдастыру қажет. Зорлық зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама өзірлеу үсінілді.

Бөрнө бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін ері қолжетімді болуы керек. Білім беру жүйесін еңбек нарығының сұранысина қарай өзгеріп отырғаны жөн.

Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттыратыны сөзсіз. Осы орайда Президент бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңгай еркіті жинақтау жүйесін енгізуі тапсырып отыр. Бұл бағдарламада мемлекет тараپынан үсінілдітін бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуы керек. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас үрлактың сапалы білім алуына мүмкіндік туатыны анық.

2024 жылдың 1 қантарынан бастап өн төмөнгі жалақы мәлшерін 85 мың тенгеге кетеру көзделген. Бұл ізгілікті де игілікті шара 1 миллиард 800 мың адамның, соның ішінде бюджет саласындағы 350 азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізбек.

Реформаның басты мақсаты – экономикамыздың тұрақты есімін 6-7 пайызға жеткізу. Сейтіп 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін, екі есеге ұлғайты, яғни 450 миллиард долларға жеткізу көзделген. Экономикалық өсімнің игілігін еліміздің ербір азамат көрүі керек.

Мемлекет басшысы бізді мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуға шақырып отыр. Әділетті Қазақстанды құру үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз екені баршаға мәлім. Ең бастысы – қоғамдық сана, азаматтар ниецінің өзгеріуі керектігі екінің біріне аян жайт.

Осылайша Мемлекет басшысының жаңа Жолдауы алдағы үш жылда атқарылатын жұмыстардың жоспар жобасын айқындағап беріп отыр. Оны жүзеге асыру – егемен еліміздің әрбір азаматы үшін басты міндет болуы керек деп есептеймін.

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті
Ақпараттық білім беру
орталығының кітапханашысы.**

Жарамсыз деп танылсын

Төлекбаев А.Ж күеландырған
1562 тізіммен тіркелген
Молибеков Асилбекке қатысты
сату-сатып алу көлісім шартының
жогалуына байланысты жарам-
сыз деп танылсын.